



Автор: Орынова Елнур Сандибековна

Пән: Қазақ тілі

Сынып: 6-сынып

Бөлім: Отан отбасынан басталады

Тақырып: Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Білім алушылармен бірге білімге ұмтылу, отаншылдық, еңбексүйгіштік құндылықтарының адам өміріндегі ролін талқылау.
Сабақтың мақсаты:	Оқушыларға жалпы құндылықтар туралы ақпарат беру Еңбек - адамгершілік құндылығы туралы түсініктерін кеңейтіп, еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік бере отырып, еңбек етуге деген қызығушылықтарын ояту, дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. - отаншылдық, құрмет және азаматтық сана құндылықтарын дарыту
Тілдік мақсаттар:	Әдеби тіл
Күтілетін нәтиже:	Оқушылар патриотизм, еңбексүйгіштікке үйренеді
Бағалау критерийлері:	Өзін-өзі бағалау
Құндылықтарды дарыту:	
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Слайд, презентация
Пәнаралық байланыс:	Тарих, әдебиет
Бастапқы білім:	

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы (10 минут)</p>	<p>1. - Қайырлы күн, оқушылар, ата-аналар, қонақтар! 1қыркүйек – Білім күнімен баршаңызды құттықтаймын. Жаңа оқу жылында білімдеріңізді одан әрі жетілдіріп, жаңа табыстарға жетуге тілектеспін. Танысу тренингі. Жазғы демалыстары қалай өткені туралы әңгімелесу.</p> <p>- Адамға өмір сүру үшін ең алдымен не қажет деп ойлайсыңдар? 2. Оқушыларға материалдық және рухани құндылықтар жазылған қағаздар үлестіріледі. Балалар, әрқайсыңыздың партаңызда түрлі сөздер жазылған карточкалар бар. Осы сөздерді оқып, материалдық немесе рухани құндылыққа жатады ма ойланып, топқа бөлу керек. - Бүгінгі сабақта БІЛІМГЕ ҰМТЫЛУ, ЕҢБЕКСҮЙГІШТІК, ОТАНШЫЛДЫҚ құндылықтары туралы сөз қозғаймыз. 3.Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой азаттығымыздың алдаспаны. Заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен азаматтарының білімімен өлшенеді. Білім - асыл қазына. Білім инеменқұдық қазғандай. Адам қаншалықты білімді болса, соншалықты бай-қуатты болады. Білім адам бойына біткен ең мықты қару. Адамзаттың жетер ең биік шыңы білімді толық меңгерген күні. Білім ұрпақтан ұрпаққа берілетін шежіре, тарих, өнеге, тәрбие! Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін -білім» деген. Еңбекқорлық - адамды шыңға жетелеп, бар мақсатына уақытында жеткізетін қасиет. Еңбек жауапкершілікке жетелейді. Жетістікке жетудің сыры – қажырлы еңбек. «Еңбек мұратқа жеткізер», «Жалқаулық аздырады, еңбек оздырады», - деген мақалдар да еңбектенудің адамдарға қажетті нағыз байлық екендігін көрсетеді. Отаншылдық - келер ұрпақты еңбекке, өнер-білім машықтарын меңгеруге, отбасын, туған өлкесін, отанын сүйуге, ар-намысын қорғауға, және т.б. ізгі адамгершілік қасиеттерге баулу. Оның басты қағидасы Отанға, өзінің халқына, Атамекеніне деген сүйіспеншілік болып табылады. Күнделікті тіршілікте ол азаматтардың өндірістегі, ғылымдағы, өнердегі, спорттағы, жасампаз еңбегінен көрінеді. 4. Әңгіме бойынша жұмыс. Атасы он жасар баласымен далада келе жатып, баласынан сұрады: - Анау өрмекшіні көремісің, не істеп жүр? - Өрмек тоқып жүр. - Анау құмырсқаны көремісің? - Аузында бір нанның уағы бар, жүгіріп кетіп барады. - Жоғары қара аспаннан не көрдің? - Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында тістеген шөбі бар. Сонда атасы былай депті: - Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер саған үлгі – өнеге: Өрмекші маса – шыбынға тұзақ құрып жүр, өзіне азық етуге. Құмырсқа нанның уағын өзі жемей уағын үйіне алып бара жатыр. Қарлығаш балапандарына ұя жасауға шөп жинап жүр. Сен де еңбек етуге әдеттен – деді. - Бұдан балалар, сендер нені ұқтыңдар? Балалар, жануарлар да еңбектенеді екен. Бірақ қанша еңбектенгенмен адам еңбегінің олардан зор айырмасы бар ғой. -Қандай айырмасы бар? Адам еңбегі оймен, санамен, ақылмен істеледі. Табиғат заттарын өңдеп, өзіне қажет, табиғатта кездеспейтін бұйымдар жасайды. Адамнан басқа қандай жануар арнайы шам жасап қараңғыны жарық етеді? Адамның еңбегі - саналы еңбек, оған мысал келтіріп айтуға болады. Демек, адам табиғатта кездеспейтін алуан түрлі күрделі заттарды, бұйымдарды ақылмен ойлап жасайды екен. Дегенмен оны алғашқыда табиғаттан көріп үйреніпті. Адам табиғаттан үйреніп кейбір заттарды ойлап тапқан. Осы айтылған аз мысалдан-ақ адам еңбегінің жасампаздығын байқаймыз. Мұғалім: - Балалар, еңбек сөзін естігенде ойларыңа не келеді? Сонымен тіршілік үшін ауадай қажет заттың бәрін адам баласы өз қолы, өз еңбегімен жасайды. Адам өз қолымен жасайтын еңбегі әрі сарқылмас жігерімен құдіретті. Еңбектің арқасында адам жетіліп дами бермек. Еңбек адамның денесін шынықтырып, мінез-құлқын қалыптастырады. Еңбек ету адам баласынан тапсырылған іске деген табандылық пен ынта-жігерді, құндылықты, тындырымдылық пен жауапкершілікті талап етеді. Адам ерінбей еңбек ету арқылы қуанышқа, шаттыққа бөленеді. Адамның өмір сүруіне қажеттінің барлығы еңбекпен келеді. Италияндық ғалым, суретші Леонардо да Винчи «Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді» деген екен. Еңбектің пайдасы – тәрбиелейді, жігерлендіреді, күш береді, қуантады, бақытты етеді, өмір сүруге үйретеді, үнемшіл болуға үйретеді, ширатады.</p>	<p>Бейнеролик</p>
-------------------------------------	--	-------------------

<p>Сабақтың ортасы (15 минут)</p>	<p>Қазақ халқының дәстүрлі тәлім-тәрбие беру жүйесінде жас кезінен бастап баланы еңбекке, белгілі бір кәсіпке баулыған. Жалқау, еріншек, жатыпішер арамтамақ болма, еңбек ет, ата-анаңа қолқанат бол дегенді баланың санасына құйып отырған. Әрбір жас бала “Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей” деген мақал рухында тәрбиеленген. 5. Ендігі кезекте жұптық жұмыс ұсынамын. Берілген мақалдарды дұрыс оқып, мағынасын ашу. Еңбегіне қарай — құрмет, Жасына қарай — ізет. Еңбек ератандырады. Еңбек ерлікке жеткізер, Ерлік елдікке жеткізер. Еңбек еткен— мұратқа жеткен. Еңбек етпей елге өкпелеме, Егін екпей жергеөкпелеме. Еңбеккер ұйқыдан ширап тұрады, Еріншек ұйқыдан қирап тұрады. Әлің барда еңбек ет, еңкейгенде емерсің. Ердің атын еңбекшығарады. Бақыт кілті еңбекте. Еңбек ширатады, Өмір үйретеді. Маңдайытерлемегеннің Қазаны қайнамайды. Еріншектің ертеңі бітпес, Жеңілтектіңселтеңі бітпес. «Еңбек түбі – зейнет». Еңбек әрбір адамды зейнеткежеткізеді. Еңбек етсең еш нәрседен кем болмайсың. Еңбек етсең барлықнәрсеге қол жеткізесің. Біздің еңбегіміз сабақты жақсы оқып, ата-анамызды қуанту . Жалқау, еріншек балалар үнемі 2, 3 бағаларын алыпжатады. Өйткені, олар еңбектеніп оқымайды. «Жақсы жұмыс – жанғатыныс». Біздің ойымызша, әрбір адам жұмысын бар ынтасыментыңғылықты етіп жасаса, өзі де оған қасындағы жолдастары да ризаболмақ. «Еңбексіз өмір – сөнген көмір». Көмір отын екенін білеміз. Олжылыту үшін қажет. Ол жанбаса жылу болама? Әрине жоқ. Сол сияқтыеңбек етпеген әрбір адам жылусыз сөнген көмір сияқты.Сондықтан еңбекетуіміз керек. «Еленген еңбек өнімді». Еңбек еткен адамның еңбегі елеусізқалған емес. Олардың аттары тарихта қалады. Мысалы, Қаныш Сәтбаеватамыз көп еңбегінің арқасында аты елеулі. Көптеген спортшылар олартынымсыз еңбегінің арқасында дүние жүзінде аттары әйгілі . Қазіргі таңдасендердің басты міндеттерің оқу, білім алу. Бұл да еңбек. Мектепте білімалып, болашақта барлығың да әр салада жұмыс жасап еңбек етесіңдер,белгілі бір кәсіппен айналысасыңдар. Қазіргі таңда мамандықтың түрі өтекөп. 6. Жұмбақ шешу Ендігі кезекте түрлі мамандық иелеріне арналғанжұмбақтарға бергім келіп отыр. Ала таяқ ұстаған, Жол тәртібін нұсқаған.Өміріңді күзеткен, Ысқырығы күшті адам. /милиционер/ Бал тамған мәзір,Ол бар жерде әзір. / аспазшы/ Оқу-білім бағдары, Заманының бағбаны./мұғалім/ Өскен шашты жаратпайды, Қайшысы бар жалақтайтын/шаштараз/ Келіп баған қасына, Өрмеледі басына. /монтер/ Еңбек орны-танабы, Сүйікті ән- дала әні. Егін салып, мәпелеп, Асырайды қаланы./дихан/ Өңкей сығай екі топта Таласып жүр бір допқа. Бұл кім ? /футболшы/Күміс қанат сұңқары, Көкке еркін сұңгиді. Бұлттан да тым әрі Кеткенжанды кім дейді? /ұшқыш/ Әлемде 40 мыңға жуық әр түрлі мамандықтарбар. Мамандық таңдау- өте жауапкершілікті және маңызды іс. 7. Топтықтапсырма 1.«Біз терең білімді оқушы болу үшін не істеуіміз керек? 2.Адамның өміріндегі еңбектің рөлі, адам еңбек ету үшін бойында қандайқасиеттер болу керек? 3. Отанды сүю дегеніміз не? Әр салада жұмысжасап жүрген ата-аналармен сұхбат</p>	<p>Мақал-мәтелдер</p>
<p>Сабақтың соңы (10 минут)</p>	<p>8. Аяқталмаған сөйлем. Болашақта дәрігер болғым келеді, ол үшін..... Ерініп, ештеңе жасамасаң,..... Өмірдегі ең маңызды нәрсе Менің арманым, ол үшін..... Отанды сүю,..... Еңбектің арқасында Еріншек болсаң,..... Ата-анамыздың еңбегін бағалауымыз керек, өйткені..... Егер еңбек етпесең,..... Адамзаттың жауы..... Болашақтаболғым келеді, ол үшін..... Еріншек адамдарға айтар кеңесім..... Ән айту. 9. Қорытынды.«Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі -ішсем,жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар тәннің құмары. Біреуі білсем екен деп туады. Не көрсе соған талаптанып. Білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген. Мұның бәрі-жанның құмары деген екен Ұлы Абай атамыз. Талаптанып білім алып, білімдеріңнің көмегімен еңбек етіп, еліміздің ертеңін қалайтын патриот болып өсулеріңе тілектеспін.</p>	<p>Тарату парақтары</p>
<p>Рефлексия (10 минут)</p>	<p>«Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі -ішсем,жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар тәннің құмары. Біреуі білсем екен деп туады. Не көрсе соған талаптанып. Білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген. Мұның бәрі-жанның құмары деген екен Ұлы Абай атамыз. Талаптанып білім алып, білімдеріңнің көмегімен еңбек етіп, еліміздің ертеңін қалайтын патриот болып өсулеріңе тілектеспін.</p>	